



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

құқығы мұра бойынша немесе талапты беру арқылы беріледі» деп және оның атын «Тұрақты рента шарты» деп атауды ұсынамыз.

б) 529-1 бабын келесідей мәтінмен толықтыруды ұсынамыз: «Ғұмырлық рента шарты бойынша бір тарап (рента алушы), азамат екінші тараптың (рента төлеушіге) меншігіне мүлік береді, ал рента төлеуші алған мүлікке айырбас ретінде рента алушыға, оның өмірі бойы немесе онымен көрсетілген азаматтың өмірі бойы белгілі бір ақша сомасы түрінде немесе оны ұстау үшін өзге де нысанда қаражат беру түрінде мезгіл-мезгіл рента төлеп отыруға міндеттенеді» және оның атын «Ғұмырлық рента шарты» деп атауды ұсынамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Рента. // <http://design-for.net/page/renta>
2. Морандьер Л.Ж. Гражданское право Франции: Книга 1. - М., 1961, С.253 - 254.
3. Договор ренты. // <http://xreferat.com>.
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Ерекше бөлімі. – Алматы: Жеті-Жарғы, 2017.
5. Гражданское право. Том 1. //под ред. М.К. Сулейменова, Ю.Г. Басина. – Алматы: Издательство КазГЮА, 2000, 544 с.
6. Гражданское право. В 3-х томах. //под ред. Сергеева А.П., Толстого Ю.К. 4-е изд., перераб. и доп. - М.: Статут, 2005, 765с.

УДК 349.2

ШЕТЕЛДІК ЖҰМЫС КҮШІН ТАРТУДЫ РЕТТЕУ ТИІМДІЛІГІ

Бажбенова Асель

bazhbenova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1 курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында құқықтық реттеудің жаңа саласы – уақытша шетелдік жұмыс күшін пайдалану саласы қалыптасып жетіліп келеді.

Мемлекет басшысымен 2015 жылдың 24 қарашасында қол қойылған Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңына сәйкес, 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап шетелдік жұмыс күшін тартудың жаңа оңайлатылған тәртібі енгізілді [1].

Әсіресе, Қазақстанға келген шетел мамандарының өздігінен 3 айдың ішінде біліктілік сәйкестігі туралы анықтама негізінде экономикадағы басым салаларда қажетті кәсіптер тізіміне кіретін кәсіп бойынша кез келген орынға жұмысқа тұра алу мүмкіндігі болады. Шетел маманы оның білімі, өтілімі, практикалық жұмыс тәжірибесі және оның біліктілігін растауға мүмкіндік беретін басқа да параметрлер деңгейінен тұратын балл жүйесі бойынша белгілі бір баға алады.

Шетелдік жұмыс күші ағындарын бақылаудың берілген өзгерістер Қазақстанға жоғары білікті шетел мамандарының кіруін жеңілдетуге бағытталған, себебі бүгінгі күнге дейін қазақстандық заңнама жоғары білікті мамандарға да, ғылыми қызметкерлер де және мұғалімдерге де, Қазақстанға келетін ауыр жұмыстармен айналысатын шетелдіктерге де бір талап қоятын. Жұмыс беруші шетелден бағалы қызметкерді тарту квотасымен шектелмеген, бұл үшін рұқсат алуы міндетті емес және жоғары білікті шетелдіктің уәкілдігін өздігінен анықтайды. Бірақ онымен қоса ол шетелдік маманды міндетті медициналық сақтандыруын және тұрмыс үймен және әлеуметтік қамтамасыз ету керек. Осындай көптеген шетелдік жұмыскерлердің арасынан жоғары білікті мамандарды инновациялық бөлу және әрбір маманға жеке қарау қазақстандық экономикаға жағымды әсер етуге жағдай жасайды, және

қысқа мерзімді болашақта ықпалын тигізіп, қазақстандық нарықты шетелдік инновациялар, технологиялар мен озық тәжірибелер үшін аса тарымды ете алады [2, 14 б.].

Алайда берілген жаңашылдықтармен қатар, Қазақстанда әлі күнгеі шетелдік жұмыс күшін квоталау жүйесі даулы мәселе болып отыр. Енді квота экономикалық қызмет түрі бойынша жұмыс берушінің қажеттіліктерін, сол немесе басқа аймақтағы жұмыс күшіне сұранысын, жұмыссыз азаматтар санын, өткен жылдағы шетелдік жұмыс күшін қолдану тиімділігін бағалау мен еңбек ресурстары арқылы жұмыс күшіндегі қажеттіліктері қанағаттандыру есептеумен бекітіледі. Сонымен қатар, шетелдік жұмыс күшін тарту квотасы еңбек миграциясы мен ҚР ратификацияланған еңбекші – мигранттарды әлеуметтік қорғау саласында ынтымақтастық туралы халықаралық келісім шарттың болуымен бекітіледі. Жеке тұлғада қызмет істеу үшін еңбекші иммигранттарды тарту квотасы алдындағы жылға қажеттіліктерді болжамдау негізінде ҚР ІМ қалыптастыратын болады.

Квоталар есебі жұмыс берушінің өтініштері негізінде аймақтық комиссиямен жүргізіледі.

Жалпы, статистика көз жүгіртетін болсақ, 2016 жылы жергілікті жұмыс беруші органдарымен шетелдік жұмыс күшін тарту үшін Қазақстан аумағында еңбек қызметін орындау мақсатында 36,8 мың рұқсатнама берілген. Олардың ішінде 2 мыңнан көбі бірінші категориялы (басшылар мен олардың орынбасары), 7 мыңнан артығы екінші категория бойынша (құрылымдық бөлімшелер басшылары) жұмыскерлерге берілген. Шетелдік жұмыс күшін тарту рұқсатнамасының негізгі бөлігі үшінші (мамандар) мен төртінші (білікті жұмыскерлер) категориялар бойынша берілді, яғни сәйкесінше 16,8 мың адамға және 8,5 мың адамға берілген.

Еңбекші мигранттар шығатын негізгі мемлекеттерге Қытай (12,7 мың адам), Түркия (3,5 мың адам), Өзбекстан (1,6 мың адам), Ұлыбритания (1,5 мың адам) және Үндістан (1,4 мың адам) кіреді [3].

Енді 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап, жұмыс рұқсатнамасыз берудің ерекше шарты ретінде жұмыс берушілерге салық жинағы қарастырылған. Оның мөлшерлемелері 137 АЕК бастап 250 АЕК дейін жетеді, ол шетелдік жұмыс күшінің категориясына және салаларға байланысты есептеледі, жинақтар жергілікті бюджетке төленеді. Онымен қоса, кадрлардағы жергілікті ұстау бойынша шарттарды сақтау бойынша жұмыс берушілерге қойылатын талаптар сол қалпы қалады: басшылар мен олардың орынбасарлары үшін – 70 % кем емес, мамандар мен білікті жұмыскерлер үшін - 70 % кем емес.

Төмендегі кестеде рұқсатнама алу процедурасындағы өзгерістер салыстырмалы түрде келтірілген.

Кесте 1 – Рұқсатнама алу процедурасындағы өзгерістерге қысқаша шолу

Талаптар	2017 жылдың 1 қаңтарына дейін	2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап
Пайыздық қатынас (жергілікті және шетелдік персонал)	70 % / 30 % (1 және 2 категория үшін) 90 % / 10 % (3 және 4 категория үшін)	
Жергілікті еңбек нарығында үміткерлерді іздеу	Барлық категориялар үшін міндетті	Жоқ
Ерекше шарттарды орындау	Категорияға байланысты болады	Жоқ
Кепілдік депозиті	Барлық категориялар үшін міндетті	Жоқ
Рұқсатнама беру / созу үшін жинақ төлеу	Жоқ	Барлық категориялар үшін міндетті
Комиссиямен құжаттарды қарау	15 жұмыс күні	7 жұмыс күні
Комиссия шешімі туралы	3 жұмыс күні	1 жұмыс күн

хабарлау		
Кепілдік төлем / салық жинағы туралы құжаттарды беру	20 жұмыс күні	10 жұмыс күн
Рұқсатнама беру	3 жұмыс күні	2 жұмыс күні
Барлығы	50-60 жұмыс күні	20 жұмыс күні

Кестеден көріп отырғанымыздай, енгізілген жаңашылдық бойынша рұқсатнама беру процедурасының ұзақтығы 3 есе азайды. Сонымен қатар, айта кету керек, осы жылдан бастап, Қазақстанға қандай да бір жұмыс берушінің шақыруысыз келетін шетелдік жұмыскерлерге әкімдіктен жұмыс істеуге рұқсат алу керек емес.

Бұл рұқсатнама біліктілік сәйкестігі туралы анықтамаға ауыстырылды. Берілген анықтама құрамына шетелдік жұмыс күшін тарту үшін анықталған экономикалық қызмет салалары мен түрлерін бағыттайтын өкілетті органдардың өкілдері кіретін сәйкесінше комиссия ұсыныстары бойынша беріледі. Сонымен қатар мұндай шетелдік жұмыскерлердің біліктілігіне білім деңгейі және жұмыс өтілі бойынша талаптар қойылады [4, 5 б.].

Осылайша, ҚР шетелдік жұмыс күшін тарту Ережелеріне енгізілген өзгерістер білікті жұмыс күші ағынын және жаңа шетелдік инвесторларды тартуға жағдай жасайды. Және де шетелдік жұмыс күшін тарту бойынша, әсіресе жұмыскерлерге рұқсатнама беру мәселесі бойынша өте жағымды өзгерістерді көреміз.

Сонымен, жалпы миграциялық саясатты жетілдіру бойынша жүргізілген шаралар мемлекеттің тұрақты әлеуметтік – экономикалық дамуына жағдай жасайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны және жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 24 қарашадағы № 421-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz>

2. Досжанова, А. М. Миграциялық үдерістің Қазақстан Республикасының еңбек нарығына ықпалы [Текст] / А. М. Досжанова // ҚазҰУ хабаршысы /Экономика сериясы/. - 2014. - № 2(02).

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті

4. Курасова, А. М. Шетелдік мамандарға рұқсатты ресімдеу [Текст] / А. М. Курасова // Қазақстандағы мамандар анықтамалығы. - 2015. - № 8.

УДК 345.2.7

МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІ БАСҚАРУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Бауыржан Қорлан Бауыржанқызы

korlan-1993@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,

Заң факультетінің 2 курс магистранты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – И.С. Сактаганова

Бүгінгі Қазақстанның даму деңгейі мемлекеттегі экономиканы басқару рөлінің артуымен, өмірдің барлық салаларында инновациялық технологияларды енгізумен, жемқорлықпен күресті күшейтумен және бюджет саласында құқықбұзушылықтардың көбеюі арқылы сипатталады, себебі бюджеттік және қаржылық ресерсттар мемлекеттік басқарудың негізгі құралдары болып табылады.

Заманауи деңгейде ҚР Бюджет кодексінің жеке баптарына өзгертулер енгізу туралы жарлық шығарылады, және де мемлекет қаржыларын жұмсалу тиімділігі мен мемлекеттік